



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№26 (882) Сәрсенбі 26 маусым 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



## ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ШАРАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ел азаматтарын тұрақты жұмыспен қамту шаралары талқыланды.**

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова Қызылорда облысы халықты тұрақты жұмыспен қамту шаралары бойынша республикада үздік үштікке енгенін атап өтті.

«Жыл басынан бері елімізде 288 мыңнан астам жұмыспен қамтылды. Оның 16 мыңға жуығы ұлттық жобалар мен салалық тұжырымдамалар аясында ашылған жұмыс орындарына жолдануда. Бұл ретте, «Өңірлік жұмыспен қамту карталарында» жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізген Абай, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда және Жамбыл облыстарын атап өткен жөн», – деді ведомство басшысы.

Айта кетейік, аталған көрсеткішті Абай облысы 53%, Солтүстік Қазақстан облысы 47%, Қызылорда және Жамбыл облыстары 45%-ға орындады. Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңір үздіктері қатарында аталғанымен, жұмыс қарқынын төмендетпеу қажеттігін ескерті.

«Бүгін Үкімет отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Кабыккызы Қызылорда облысында халықты жұмыспен қамту шаралары бойынша жылдық көрсеткіш 45 пайызды құрағанын, республикада үздік

үштікке енгенімізді ерекше атап өтті. Мұнымен тоқтап қалмай, жоспарды жыл соңына дейін артығымен орындауымыз қажет. Халықтың тұрақты жұмыспен қамтылуы – әкімдердің жұмысына нақты баға беретін басты көрсеткіш. Қала және аудан әкімдері бұл мәселеге жауапкершілікпен қарап, тұрғындардың уақытша емес, тұрақты жұмыспен қамтылуын қадағалаңыздар. Қазіргі таңда өңірімізде «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» қабылданып, іске асырылуда. Осы орайда 21 мыңға жуық азамат жұмысқа орналастырылып, жылдық жеке 45 пайыз болды. Өңірлік картадағы көрсеткіштер белгіленген мерзімде орындалуы тиіс», – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Жылдан Мемлекет басшысының «10 мың адамға 100 жұмыс орын құру» тапсырмасы бойынша, ұлттық жобалар мен концепциялар шеңберінде жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелері қаралды. Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасына өңірлік картадағы жоспарды 100 пайыз орындау, жұмыссыздық деңгейін тұрақты бақылауда ұстау, субсидияланған жұмыс орындары мен өз кәсібін ашуға қайтарымсыз грант алғандарға мониторингті күшейту тапсырылды.

## АЙМАҚ БАСШЫСЫ «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰҚ» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

**Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасеновпен кездесіп, өңірде салынатын инновациялық шығармашылық орталығының құрылыс жұмыстарын талқылады.**

Аймақ басшысы компанияның Қызылорда облысындағы ауқымды жұмыстарына, алдағы уақытта да жалғасатын тиімді әріптестік байланыстың бағытына тоқталды.

Аймақта мұнай және газ өндірісімен айналысатын ірі кәсіпорындардың бірі «Қазгермұнай» компаниясы жұмыс істейді. Қазіргі уақытта кен орындарының көпшілігі өндірістің соңғы сатысына шыққаны белгілі. Олардағы қалдық қордың алынуы қиындық туғызуда.

Мәселен, «Қазгермұнай» компаниясы өткен жылы 1,1 млн тонна мұнай өндірді. Осы жылы 1 млн тонна өндіреді деп болжануда, яғни 10 пайыз төмен. Жекелеген кен орындарындағы ұңғымалар 95%-ға дейін суланған. Салдарынан ұңғымалардың

одан әрі игерілмеуі, жұмыс орындарының сақталмауы мүмкін. Өзіңіз білетіндей, «ҚазМұнайГаз» акционерлік қоғамы биылғы мамыр айында аймақтағы «Торғай Палеозой» кен орнында тереңдігі 5 500 метрлік ұңғыманы бұрғылауды бастады. Бұл бастама арқылы жаңа перспективалық мұнай-газ кеніштері анықталады деген ойдамыз», – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Кездесуде облыс әкімі газ тапшылығының алдын алу үшін өңдеу қондырғысының қысқа мерзімде іске қосылуы маңызды екенін, бұл жұмыс ерекше бақылауда болуы керектігін қаперге салды. Облыс әкімдігі туындаған мәселелерді шешуге қолдау көрсетуге дайын. Мұнан бөлек, аймақ басшысы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында



аймақтағы әлеуметтік маңызы бар жобаларды қолдаудағы «ҚазМұнайГаз» компаниясының үлесі туралы айтты. Мәселен, «Қазгермұнай» компаниясының демеушілігімен Қызылорда қаласының сол жағалауынан

Оқушылар сарайының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Нысан жақын арада пайдалануға беріледі. Өз кезегінде, Асхат Хасенов облыс басшылығына алғысын, әрі қарай әріптестік қарым-қатынас орнатуға ниетін білдірді.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Қала әкімі Серік Қожаниязов мемлекеттік қызметші күні қарсаңында бірқатар мемлекеттік қызметшілерді марапаттады. Салтанатты шарада шаһар басшысы «Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Әділеті Қазақстанды құру ісінде мемлекеттік қызметшілерге ерекше міндет жүктелетінін айтып, "Қызметтегі негізгі қағидаларыңыз - адалдық, кәсібилік, құзыреттілік, ашықтық болуға тиіс."

Мемлекеттік қызметшінің басты мақсаты - азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Ел үмітін толық ақтайсыздар деп сенемін», – деген болатын. Расында, ел сеніміне селкеу түсірмеу – әрбір мемлекеттік қызметшінің басты міндеті. Біз мұны ешқашан ұмытпауымыз керек.

Бұл ретте, халық ұйғарған жұмысты қалт жібермей, мемлекет мүддесін биік қойып, асқақ мұраттарға жету жолында адал қызмет етуді азаматтық

парызы санаған барша әріптестеріме шексіз алғысымды білдіремін», – деді.

Мереке қарсаңында қала әкімдігінің бірқатар мемлекеттік қызметшілерінің еңбектері елінің «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісі, Кәсіподақтың «Мемлекеттік қызметтің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі, облыс және қала әкімдерінің, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің алғыс хаттарымен марапатталды.

Атап айтар болсақ, Қазақстан Республикасының «Үздік мемлекеттік қызметшісі» төсбелгісі Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары Жүнісова Роза Талғатқызына,



«Қызмет» Мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағының «Мемлекеттік қызметтің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі қала әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі бөлімінің бас

инспекторы Мұстафаева Гүлсім Жұмашқызына табысталды.

Сонымен қатар, қала әкімі аппаратының және кент, ауылдық округтердің, дербес бөлімдердің үздік қызметкерлері облыс және қала әкімінің «Алғыс» хаттарымен марапатталды.

## ИНЖЕНЕРЛІК МАМАНДЫҚТАРҒА ГРАНТ КӨБЕЮДЕ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 20 маусымнан бастап талапкерлерді оқуға қабылдау басталды. Университет бакалавриаттың 58, магистратураның 32 және докторантураның 13 білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау жүргізеді. Жоғары оқу орнына түсуге талынған талапкерлер аталмыш оқу ордасының 5 оқу ғимаратына барып университет қызметкерлерінен кәсіби кеңес ала алады. Бұл туралы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Рекрутінг және мансап басқармасының басшысы Жандос Оразмаханов пен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің коммерцияландыру жөніндегі бөлімінің басшысы Нұржан Еділбаев мәлімдеді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде мектеп оқушылары мен колледж студенттеріне кәсіби бағдар беріп, олардың жоғары білім алуын сүйемелдеу мақсатында "Рекрутінг және мансап" басқармасы жұмыс істейді. Биылғы оқу жылында да басқарма қызметкерлері Қызылорда қаласына қатысты 48 мектептің бітіруші түлектерімен кездесу өткізді. Сондай-ақ, облысымыздың 7 ауданындағы 5 000-нан астам мектеп пен колледждердің бітіруші түлектерімен бірге 500-ге жуық ата-аналарға кеңес беру жұмыстарын жүргізді. Осы оқу жылында 55 университет гранты талантты жастарға арнайы байқаулардың нәтижесі бойынша табысталған болатын. Ал, биылғы мемлекеттік грант конкурсы барысында Қорқыт ата университетіне арнайы 305 педагогикалық квота, 220 техникалық квота және Жасанды интеллект институтына 100 грант бөлініп отыр, – деді Жандос Шыңжырбайұлы.

Талапкерлерді оқуға қабылдау бірнеше кезең бойынша

жүргізіледі.

– Атап айтқанда, бакалавриат бойынша 20 маусым мен 7 шілденің аралығында Шығармашылық дайындықты талап ететін талапкерлерден құжат қабылданып, 8-12 шілде аралығында шығармашылық емтихан өткізіледі. Ал, ақылы негізде оқуға түсушілер 20 маусым мен 10 тамыз аралығында құжаттарын өткізіп, 10-15 тамыз аралығында шығармашылық емтихан


тапсырады. "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша грант конкурсына қатысушылар QR код арқылы арнаулы емтиханды 1-12 шілде аралығында, ал ақылы негізде оқуға түсуші талапкерлер 5-20 тамыз аралығында тапсырады. Сонымен қатар, магистратураға түсушілер 1 маусымнан бастап Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы кешенді тестілеуге өтініштер қабылданады. Ол 8 шілдеге дейін жалғасатын болады. 20 шілде – 10 тамыз аралығында тестілеу орталықтарында кешенді тест тапсырып, білім беру гранты конкурсына қатыса алады. Ал, докторантураға тапсыруға ниетті азаматтар 3 шілде мен 3 тамыз аралығында өз өтініштерін жолдап, 4-20 тамыз аралығында қабылдау емтиханы өтеді. Университетте білім алушыларды оқуға қабылдауға барлық жағдай жасалған, қабылдау барысында автоматтандыру цифрландыру жұмыстарына көңіл бөлінуде, – деді Нұржан Басқосқанұлы.

## 1681 ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының тәртіп сақшылары жол қауіпсіздігін сақтау және жедел жағдайды, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмыстардың және өзге де құқыққа қарсы әрекеттердің алдын-алу мақсатында 20-30 маусым күндері аралығында республика көлімінде «Құқықтық тәртіп» іс-шарасын өткізуде.

Іс-шараның мақсаты – көшелер мен қоғамдық орындарда тиісті құқықтық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды ашу және жолын кесу, сондай-ақ жол қауіпсіздігін сақтау болып табылады. «Құқықтық тәртіп» жедел алдын-алу іс-шарасының бес күнінде 1681 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Оның ішінде, қоғамдық орында ұсақ бұзақылық – 43, автокөліктің масан күйде басқару – 3, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның ҚР – ның халықтың көші – қоны саласындағы заңнамасын бұзу – 38, қоғамдық орында спирт ішімдігін ішу – 62, тыныштық бұзу – 52, жаяу жүргіншіге жол бермеу – 48 дерегі анықталып, әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының тәртіп сақшылары қоғамдық тәртіптің бұзылуына жол бермеу үшін тиісті заң аясында бақылауды күшейтуде. Жол ережелеріне бағынбаған немесе қылмыс жасаған азаматтар құқықтық жауапкершілікке тартылатындығын ескертеді!



## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

**6 айға – 2500 теңге;**

«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

**6 айға – 2850 теңге.**

## БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:  
8 777 752 5463; 8 705 982 7661.





## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫ БАҚ ӨКІЛДЕРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қызылорда облыстық сотында 28 маусым – бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күніне орай салтанатты шара өтті.

Шараға Қызылорда облыстық соты төрағасы Ә.Шығамбаев, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы, БАҚ жұмысын үйлестіруші судья Б.Қалымбет және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Салтанатты шараны облыстық сот төрағасы Ә.Шығамбаев ашып, журналистика саласының қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтай отырып, бүгінгі күні еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары азаматтық қоғамның институты ретінде билік пен халықты байланыстырушы және еліміздің жетістіктері мен жағымды жаңалықтарының жаршысына айналдырылғанын атап өтті.

Шара барысында сот жүйесі қызметінің жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін БАҚ өкілдері Қызылорда облыстық сотының

төрағасының және Судьялар Одағының Қызылорда облысы бойынша филиалының Алғыс хаттарымен және естелік сыйлықтарымен марапатталды.

Сонымен қатар, шарада Судьялар Одағының Қызылорда облысы бойынша филиалының ұйымдастыруымен журналистер арасында өткізілген «Сот репортері» байқауының І кезеңі қорытындыланып, жеңімпаздар анықталды.

Байқау қорытындысы бойынша ІІ орынды Шиелі аудандық «Өскен өңір» газетінің тілшісі Г.Дүйсебаева, І орынды ардагер журналист Б.Бүркітбайұлының «Сыр дидары» газетінде жарық көрген «Қара қылды қар жазған» мақаласы жеңіп алды. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің атынан Б.Бүркітбайұлы сөз сөйлеп, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

## 13 АДАМ ДӘРІГЕРЛЕР КӨМЕГІНЕ ЖҮГІНДІ

Қызылорда облысында мерзімінен ерте піскен жеміс-жидек пен қауын-қарбыз жеген 13 адам дәрігерлер көмегіне жүгінді. Облыста биылғы жылдың 5 айының қорытындысымен жігіт ішек инфекциясының 349 жағдайы тіркелген. Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 9,1 пайызға төмендеу тенденциясы байқалып отыр.

«Облыс көлемінде тіркелген жұқпалы жігіт ішек ауруының 98 пайызы Қызылорда қаласы тұрғындарынан анықталды. Сондай-ақ 89 пайыз 14 жасқа дейінгі балалар арасында кездессе, оның ішінде 68 пайызы — 2 жасқа дейінгі балалар. Мамандар жүргізген эпидемиологиялық тексеру нәтижесі бойынша аурудың басты таралу себептері ретінде үй жағдайында дайындалған технологиясы бұзылған немесе дұрыс сақталмаған тағамдарды тұтыну екені белгілі болды. Оған қоса мұндай жағдайлар сүт өнімдері, мерзімінен ерте піскен жеміс-жидектер,

қайнамаған су және бала күтімінің нашарлығы салдарынан болған», — деді Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Ерлан Ұзақбаев.

Жаз мезгілінде тұрғындар арасында жігіт ішек инфекциясы жиі кездеседі. Себебі азаматтар ерте піскен бақша өнімдері мен жеміс-жидектер тұтыну барысында санитарлық талаптарды сақтамай бермейді. Осының салдарынан 13 тұрғын мерзімінен ерте піскен жеміс-жидек пен қауын-қарбызды жегеннен кейін өздерін жайсыз сезінген.

## СЫРДАРИЯДА ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 106 ЖОБА ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздің әрбір өңірін дамыту үшін инвестиция тартуды тапсырды. Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев бұл бағытта нақты нәтиже көрсетуге байланысты жаппай кәсіпкерлікті дамытып, инвестиция тарту – экономикамызды нығайтатын басты бағыт екенін аудан әкімдеріне тапсырған болатын. Осы ретте ауданда кәсіпкерлік саласын дамытуға барынша жағдай жасау – ең басты міндет.

Сырдария ауданында 2024 жылдың 1 маусымына 2821 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тіркелді. Оның ішінде жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2733 болып, тіркелгендерге үлесі 96,9 пайызды құрады.

— 2023 жылдың қорытындысымен шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар саны 4774 адамды құрады. Оның ішінде заңды тұлғаларда 980 адам, жеке кәсіпкерлікте 1654 адам, шаруа қожалықтарда 2140 адам. Сонымен

қатар 2023 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен 23,8 млрд.тенгені өнімі шығарылды.

Жалпы 2024 жыл басынан бері Сырдария ауданында мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында құны 1,3 млрд.тенгені құрайтын 106 жобаға қаржылай қолдау көрсетілді, — дейді аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Алматы Сәдуақасов.

Бағдарламаларға келетін болсақ, ауданда «Микробизнес-Қызылорда» бағдарламасы аясында құны 28,0 млн.тенгенің 7 жобасы қаржыландырылды. «Бизнесің жол қартасы-2025» бағдарламасы бойынша құны

793,8 млн.тенгенің 16 жобасы екінші деңгейлі банкттер тарапынан қаржыландырылды. «Ұлттық жоба» шеңберінде жана бизнес идеяларды іске асыру мақсатында 1476 800 теңгеден 40 адамға 59,0 млн.тенге көлемінде мемлекеттік қайтарымсыз грант берілді. Аграрлық несие корпорациясы арқылы «Іскер» бағдарламалары бойынша 198,5 млн.тенгенің 25 жобасы және «Кең дала» бағдарламасы бойынша 18,0 млн.тенгенің 3 жобасы іске асты. «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның Қызылорда филиалы арқылы құны 251,6 млн.тенгеге 15 ауылшаруашылық техникалары мен құрал-жабдықтары алынды.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер барлық салада жүзеге асырылып, тоқтаусыз күрес жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының бірі мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы болып табылады. Осы орайда халық сыбайлас жемқорлық көріністерімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез келген ортада жоғарыда аталған қағиданы қатаң сақтап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда бірігіп, сыбайлас жемқорлықтың жолын кесуде қоғам болып белсенділік көрсетуі қажет.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талаптарын сақтау мақсатында әртүрлі мекемелерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау (ішкі және сыртқы) жүргізілуде. Жалпы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау (ішкі және сыртқы) дегеніміз – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін факторлар мен жағдайларды анықтау және зерделеу.

Сонымен қатар, тиісті тұлғалар қаржылық бақылау шараларын жүзеге асыру мақсатында активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны, кірістері мен мүлкі туралы декларацияны ұсынуға.

Бұл аталған шаралардан да бөлек көптеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары қоғамда сыбайлас жемқорлықты жоюға бағыттала беретіні белгілі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда іске асыру қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қоғам болып күрескенде ғана толық жеңіс болатынын айта келе 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы «Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кен, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Бабалардан мирас болған ұлан-ғайыр жерді қорғау, оны өркендету – біздің перзенттік парызымыз» деген сөзімен қорытындылағанымыз келеді.

**ША.БДРАХМАНОВ,**  
Қызылжарма ауылдық округінің әкімі

## ШИЕЛІЛІК БАЛУАНДАР ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Бүгінде «Грэпплинг» спорт түрі елімізде кеңінен танылуда. Оған дәлел барлық облыс, аудан орталықтарында грэпплинг үйірмесі жұмыс істеп, жасөспірімдерді аталған спорт түріне баулу қарқынды дамып келеді.

Шиелі ауданында білікті бапкер Ербол Ермағанбетұлы арнайы грэпплингтен үйірме ашып, 3 жыл көлемінде тынымсыз еңбек етіп келеді. Нәтижесі де жаман емес. Әсіресе, мектеп жасындағы балалардың қызығушылығы артып, боз кілемде белдесудің қыр-сырын меңгерген жас өрендеріміз біршама белестерді де бағындырып үлгерді.

Жуырда Алматы қаласында грэпплинг - тен «TURKIC WORLD CHAMPIONSHIP 2024» халықаралық турнирі өтті. Білектілер белдесетін жарысқа Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Беларусь, Түркия, Бразилия елінен келген 1700-ге жуық спортшы өзара бақ сынап, жеңімпаздар анықталды.

Көпшілік көз тіккен турнир бәсекесінде арнайы «SHIELI FIGHTERS TOP TEAM» командасының



спортшылары да өнер көрсетті. 3 күнге созылған байрақты бәсеке тартысқа толы болғанын айтқан жағдайында, олжасыз оралмағанын жеткізді. Нәтижесінде, Нуриддин Ахметжан, Асылжан Әбілқасар, Дамир Рахымжан, Ерсайн Нариман, Алижан Әбілқасар, Диас Мұрат жауырыны жер иіскемей І орынды жеңіп алса, Ирина Павловұлы,

Нұрдос Бақыт, Саят Рысбек, Заңғар Рысбек, Нұрсұлтан Ғайниев жүлделі ІІ орынды қанжығаласа, Мағжан Қайрат, Нұрислам Ғайниев халықаралық долада ІІІ орынды місе тұтты. Ерінбей еткен еңбек пен төгілген адал маңдай тердің босқа кетпегенін дәлелдеген жас спортшылар Алматының төрінде, Шиелі ауданының намысын абыроймен қорғап қайтты.

## КРЕДИТІН 90 КҮНГЕ КЕШІКТІРГЕНДЕРДІ НЕ КҮТІП ТҰР?

Қазір жұмысқа жарамды 9 млн адамның 6 миллионында несие бар. Ал оның ішіндегі 2 млн азамат берешегін уақытында төлемеген. Енді қарызын 90 күннен астам уақыт кешіктіргендерге кепілсіз несие беруге тыйым салынады.

Ал несиесі бар жігіттер отан алдындағы боршыны өтеп жүргенде және демобилизациядан кейін 2 ай бойы қарызына өсімді есептелмейді. Сондай-ақ отбасыларға жұбайының келісімінсіз кредит беруге тыйым салынады.

«Бұл отбасының мүддесін қорғауға және ерлі-зайыптының біреуінің ірі тұтынушылық кредиттер алуына жол бермеуді көздейді. Сондай-ақ несиеге келісім

алу тәртібі агенттіктің нормативтік актісінде айқындалады», — дейді Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мамандары.

Бұдан бөлек азаматтардың қарызын 2026 жылдың мамырына дейін коллекторларға беруге тыйым салынды. Егер клиент несиеден 24 ай бойы төлемеген болса, оның берешегіне онтайландыру жүргізілген болуға тиіс. Аталған жұмыстар көмектеспесе, коллекторларға беруге рұқсат.

«Қарыз беруші мекемелерге екі жылға дейін өтелмеген несиелерді коллектор компанияларға өткізуге тыйым салынып отыр. Өтелмеген қарыздар бойынша жана келісімшарттар, болмаса уақыттың созу арқылы жана кесте жасалуға тиіс. Болмаса ай сайын төлемді төмендету арқылы мүмкіндік беруге болады», — дейді Қаржысыз қоғам ұйымының қаржылық сарапшысы Дулат Мынбаев.

## ҚОЛЫ ЖОМАРТТЫҢ ЖҮРЕГІ МӘРТ

Баяғыда қиналған жанға астындағы атын түсіп беретін жомарттар болғанын естуіш едік. Бірақ өзіміз көрмегенің, оған мән бермеппіз. Мұндай нағыз саки жандардың болатынына өзім қатты тарыққан кезде туыс әпкем жалғыз сиырын сатып, ақшасын берген кезде анық көз жеткіздім... Осыдан бірер жыл бұрын үйде құрылыс жұмыс тартып жүргенде, құрылысшыларға екі жүз мың теңге берешек болып қалдым. Сатылатын учаскелік құрылыс бар еді, сол отп кетер деп дәмәтіп тірлікті бастап жібергем. Оның да саудасы келе қоймады. Содан беттің арын белге буып, өзім ең жақын тартқан, іштей жақсы көретін адамдарымнан қарызға ақша сұрадым. Ақшалы туыс, дос-жарандарымның бәрі түрлі сылтаулар айтып «жоқ» деп бастарын алып қашты. Үлкен қызым интернеттен доллардың курсы көріп отырып: «Керегі жоқ, алмаңыз. Бас-аяғы екі-үш айда осыншама көтерілсе, жыл соңына дейін не болатынын білмейсіз. Одан да кредит алғаныңыз жақсы», — деді. Сонымен, осы шешімге тоқтап отырғанбыз.

Үйден кіші қызым: «Сізге қонырау шалып жатыр», деп телефонды ұстап, жүгіріп келді. «Кім екен?» деп қарасам, ауылда тұратын, сырлас досымдай боп кеткен туыс әпкем екен. Менің жағдайымнан хабардар еді. «Ақша таптың ба?» деп сұрады бірден. Мен ешкімнен табылмай, ертең банкке барып несие рәсімдегілі отырғанымызды айттым. «Ойбұй, жазған-ай! Ана пәленшеде жоқ па екен?», «Анада ше?», «Мынада ше?» деп бақауат тұратын туыс-тумаларды түгелдеп тастады. Мен бәріне хабарласқанымды, ешқайсысында жоқ екенін айттым. Сосын әпкем: «Мен сені бұлай шырылдатып қоя алмаймын. Оған менің арым жібермейді. Ертен үйге кел. Мен тауып беремін», деді. Сенер-сенбесімді білмедім. Жүгіріп үйге кіріп, күйеуіме әпкемнің сөзін жеткіздім. Ол несие алғаннан соның дұрыс екенін айтты.

Сонымен, ертес і күні ауылдағы әпкемнің үйіне жол тарттым. Шынымды айтсам, бұл кісіде ақша бар деп мүлде ойламаппын. Күйеуі ерте қайтыс болып, шиетті бала-шағаны



жалғыз өзі асырап жеткізген адам ғой. Барсам, әпкем үйінде жоқ екен. Келіні базарға кеткенін айтты. «Мені шақырып алып, өзі базар аралап кеткені несі» деп біртүрлі болып қалдым.

Келіні екеуіміз шай ішіп бола бергенде әпкем де келді. Өні шаршауды көрінді. Сонда да, мені көрісімен жарқылдай күліп, көңілді амандасты. Шай жанапанып, қайта келді. Бірер

тұрып, балам екеуіміз сиырды базарға әкеттік. «Мен ұрлық қылғанда ай жарық бол ды» дегендей, қасақана тура бүгінгі базарда сиыр көп әрі арзан екен. Өтпей, түске дейін тұрып-тұрып, кетті ғой әйтеуір. Өтпей қалса, үйге алып қайтамыз ба, сөйтіп, жексенбінің базарына әкеп сатамыз ба» деп тұрған едік.

Күрән қызыл шайға жіпсіген маңдайын жаулығын ұшымен сүрткіштеген әпкем қамзолының ішкі қалтасынан ақшасын шығарды. Сөйтіп: «Құдайдың құдіреті, артығы да, кемі де жоқ, тура сен сұраған ақша болды да қойды жануардың бағасы», — деп күлді. Ақшаның табылғанына қуансам да, шайларын ақтап отырған жалғыз сиырын мен үшін сатып жібергеніне қатты ынғайсыздандым. «Әпке, мұныңыз не? Аузыңызды аққа жарытып отырған жалғыз сиырды сатып жібергеніңіз қалай? Ертең келіңіз босанса, сөк көжені қалай істейсіз?» — дедім қысылып. «Бір козы туса, бір түп жусан артық шығарды» деген. Ол бала да өз несідесімен келер. Баламың айлығы, менің пенсиям бар, жетеді

ғой. Уайымдамай, ала бер. Бір байығанда қайтарарсың. Болмаса, біздің үйіңе қосқан бір көмегіміз болар», — деді.

Жылап қоя бердім. Бұл менің ешкімге өкпе артпай-ақ, қателігімді түсініп, өз арымның алдында ұялғаным тегірген көз жасым еді.

Әпкеме алғысымды жаудырып, үйге қайтып келе жатып, жол бойы «нағыз жомарт кім?» деп сұрадым өзімнен. Өйткені, мен бұған дейін нағыз жомарт деп, үйі жоқ киналып жүрген адамға үй әпере алатын, жетім балалар үйіне ақша аударып қамқорлық жасайтын, жол мен мешіт салдыратын байлар ғой деп ойлайтынмын. Содан өзімнің де жұртқа қайырымдылық жасау үшін тез арада байып кеткім келетін. Сөйтсем, нағыз жомарт өзі үлде мен бұлдеге оранып отырып табысының белгілі бір мөлшерін ғана қайыр-садақаға жұмсайтын байлар емес, нағыз жомарт өзіне жетпей тұрса да, өзгенің қамын жетпей осындай кенпейілді, жылы жүректі жандар екен ғой.

**Гүлмира ӘШПРБЕКОВА**  
ШЫМКЕНТ



## ЕРДІҢ ДӘУЛЕТІ ЕҢБЕКТЕ

**Еңбек еткенге Алланың берері көп. Тек ең бастысы ынтамен талабың болса болғаны. Бірнеше жылдан бері кәсіп саласының жұмысын дөңгелетіп алып кеткен ерлі-зайыпты Ондасын мен Шұғыла Шахановтармен әңгімелескен едік**

- Ондасын, қазіргі таңда кәсіпкерлік саласында серпін бар. Жастардың басым бөлігі осы салаға бет бұрыс жасауда. Соның бірі өзіңізсіз. Осы орайда әңгімемізді кәсібіңізден бастасак.

- Иә, қазіргі уақытта кәсіпкерлік саласында алға ілгерілеушілік бар. Оны Талсуат ауылдық әкімшілігінде өтетін жиындардан білемін. Ауыл жастары осы салаға ден қойып келе жатырмыз. Әрине кубантарлық. Біздің кәсібіміз отбасылық кәсіп. Жұбайым Шұғыла екеуіміз осыдан төрт жыл бұрын ақылдаса келе мал шаруашылығымен айналысуды жөн санадық. Негізінде бұл сала бізге аса бір қиын емес еді. Өзімізде ауыл баласы болғандықтан шаруашылықпен біршама таныспыз. 2018 жылы мемлекеттен берілетін 5 пайызбен қайтарымды несиені алуды жоспарлап, алдымен бизнес жоспарын құрып, арнайы мамандардан кеңес алдық. Мүмкін несиеміз шығар осы берілетін қайтарымды несиені алып, ісімізді дөңгелеттік.

**- Мемлекеттен берілген қаржыға мал алып кәсібіңіз осыдан басталды ғой?**

- Кепілмен берілген несиені сыйр алдым. Ондағы жоспарымыз ағарған өнімдерін сату еді. Сол уақыттарда 24 бас сиырдың сүтімен бірге қолдың құртын, ірімшігін, саудаға шығардық. Дегенмен ойымыз жүзеге асып, алғашқы нәтижелерді алдық. Уақыт өте келе біз бір жолға қойғаннан кейін ірі қара сиыр малының орнына жылқы басын көбейтуді ойладық. Бүгінде жылқы басын көбейтудеміз. Алдағы уақыттарда осы Талсуат ауылынан этно бағытында қымыз ішетін демалыс орнын ашу жоспарымызда бар.

**- Қазір уақытта сіз мал шаруашылығынан бөлек тағы бір кәсіппен айналысады екенсіздер. Сол кәсіптеріңіз аясында кеңірек айтып берсеңіздер?**

- Мен өзім айтып кеткендей ауылдың баласымын. Туған жерім Қазалы ауданы, Лақалы ауылы. Сол шалғай өңірден арман қуып Қызылордаға келгенмін. Қала тіршілігіне етене араласып отбасымызбен осында көшіп келіп, орнықтық. Өуелгі кезде кәсіппен айналысқан жоқпын. Студент кезімнен бастап жұмысқа бейімделіп, еңбекпен келген нанның дәмін татқан болатымын. Ауыл баласы негізінде жұмыс талғамайды ғой. Сол кездерде «АНЕС»

мотор майларын сататын дүкенде жұмысшы болдым. Бұл жеке біреудің ашқан кәсібі еді. Мен содан сабақ алдым. Осында жүріп тәжірибе жинақтауға тырыстым. Уақыт өте өзім жеке осындай дүңгіршек ашуды көздедім. Себебі, автокөлік майларында табыстың көзі барын ұғындым. Өйткені әрбір жеңіл машина бұл майларсыз жүре алмайды. Сөйтіп Қызылорда қаласына қарасты Талсуат ауылынан мотор майларын сататын «НУРСЕНИМ» сауда орнын аштым. Сауда дүңгіршегінің бұлай аталуының себебі бар. Алла менің кәсібім арқылы балаларымның несібесін беріп жатыр. Сондықтан кәсіпте ашқан алғашқы сауда дүңгіршегін баламның атымен атауды жөн санадым.

**- Мотор майларын қай жақтан алдырасыздар, әлде тапсырыстармен жеткізіледі ме?**

- Автомобиль машиналарға қажетті майларды әр облыстардан тапсырыспен алдыртатын, арнайы фирмалармен жұмыс жасаймын. Қолжетімді бағамен сатылымға шығады. Біздің кәсібімізде баға 4000 мен 40 000 арасында. Сапасына қарай бағасы. Манол, тасол, атф т.б майлардың түрлері бар. Сонымен қатар автомобиль жеңіл көліктеріне қатысты барлық жабдықтарды саудаға шығарамыз. Оның ішіне кілттер де, автомобиль бөлшектері де бар.

**- Бүгінде ауыл тұрғынын жұмыспен қамтып отырсыз ба?**

- Иә, екі азаматты жұмыспен қамтып отырмын. Жұмыс барысына қарай арнайы жалақылары белгіленген.

**- Әр саланың өзіндік бір ауыртпашылығы болады, сіздерде осындай мәселелер орын алды ма?**

- Болды, әрине! Өйткені кәсіпкерлік саласы еңбекті талап ететіні анық. «Ердің дәулеті еңбекте» деп бекер айтпаған ғой. Қаншама тер төгуге тура келді. Мал шаруашылығымен айналысуда жауапкершілікті талап етеді. Малдың уақытылы жем шөбі бәрі-бәріне қарау керек. Сол еңбектің арқасында кәсібіміз алға басып, бүгінде үлкейтуді жоспарлап жүрміз.

Әр саланың өзіндік қиыншылығы болатыны рас. Мал шаруашылығын дөңгелеткен уақыттарда мал ұрлығы деген өршіп тұрған болатын. Жылқыларымыз да жоғалды. Ашығын айтқанда ұрланды. Жергілікті жердегі уәскелік полициямен бірлесе жұмыс



жасадық. Бәріне сабырлық етіп, тығырлан шықтық.

**- Бір жылдары сізді осы сетевой компанияларынан көрген болатынбыз. Бұл сетевой компаниялары қаншалықты сенімді?**

- Сетевейда бизнестің бір түрі. Біз ерлі-зайыпты айналысқан саудада алдау, біреуді арбау болған жоқ. Өуелгі баста бұл сетевейға денсаулығымызға қажетті дәрі-дәрмектерді аламыз деп келгенбіз. Бірақ, өнімдерінің нәтижелері ұнағаннан кейін сатумен айналыстық.

**- Отбасыңыз төңірегінде айтып кетсеңіз?**

- Әрбір адамның жанашыры отбасы. Ата-анам, бауырларым, жұбайым, балаларым кәсіпте менің ең бірінші қолдаушыларым, көмекшілерім болды. Анам 30 жылдан астам уақыт бойы базарда тігінмен айналысса, жұбайым Шұғыла он жыл төңірегінде сәулелік салонында тырнақ әрлеуші болды. Осы жылдар аралығында біршама қиындықтардан өттік. Бастысы өзара түсіністігіміз бен ауызбіршілігіміз ажырамады.

**- Ендігі сұрағым Шұғыла сізге бағытталмақ, сетевей дегенде көбіне есімізге ақша салып, қаржыларын қайтара алмай жүрген адамдар туралы ақпараттар түседі. Сетевей жұмысқа адамдардың көзқарасы қалай?**

- Бұл біздің данделон компанияда адамның денсаулығына қажетті өнімдер сатылады. Бір реттік қаржымен тіркелгеннен кейін, одан әрі ақша салмайсыз.

Зибаш ӘЛІ

**Р/С:** Еңбек ету арқылы кез келген қиындықты жеңіп шығуға болатынын бүгінгі кейіпкерлеріміз тағы бір дәлелдеді. Кәсіпкер ерлі-зайыптыларыңыз мақсаттары айқын, қадамдары нық, жоспарлары анық. Ақыл мен жүректің таразысына салып ойланатын қасиеттері аларды мақсаттың шыңына жетелемек.



## АННА ХАНШАЙЫМ МИЫ ШАЙҚАЛЫП АУРУХАНАДА ЖАТЫР

Ұлыбритания ханшайымы, Елизавета II патшайымның қызы Анна ханшайым миы шайқалып ауруханаға түсті. Дәрігерлердің айтуынша, 73 жастағы ханшайым Аннаға мидың шайқалуы мен жеңіл жаракаттану диагнозы қойылған.

«Ханшайым кеше кешке Гэттоб саябағындағы оқиғадан жеңіл жарақат алып, миы шайқалды», деп мәлімдеді Букингем сарайы.

Жарақаттың нақты себебі әлі расталмаған, бірақ аттан құлап басынан жарақат алуы мүмкін. Қазір Анна ханшайым ауруханада дәрігерлердің бақылауында.

## ДАҒЫСТАНДА ҚАРАЛЫ КҮН ЖАРИЯЛАНДЫ

Дағыстан басшысы Сергей Меликов Telegram арнасында 24, 25 және 26 маусым күндері елде қаралы күн жарияланғанын мәлімдеді. Белгілі болғандай, Дағыстанда орналасқан мәдени мекемелер мен телерадиокомпаниялар барлық ойын-сауық шаралары мен бағдарламаларын тоқтатады.

Сондай-ақ, баспасөз қызметінің хабарлауынша, үкіметке қаза болғандардың отбасылары мен зардап шеккендерге көмек көрсету бойынша қажетті шараларды қабылдау тапсырылды.

Бұған дейін Дербенттегі синагога мен шіркеуге белгісіз біреулер оқ атқан, сонымен қатар Махачкалада жол полициясы бекетіне шабуыл жасағаны хабарланған болатын. Ресей Тергеу комитетінің Дағыстан Республикасы бойынша Тергеу басқармасы Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 205 («Террористік акт») 1-бап бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Кейін Махачкала мен Дербентке жасалған қарулы шабуылдың кесірінен алты полицейдің қаза тапқаны белгілі болды. Соның мәліметтер бойынша, 15-тен астам полиция қызметкері, сондай-ақ бірнеше бейбіт тұрғын, соның ішінде Орыс православие шіркеуінің діни қызметкері ланкестік әрекеттердің құрбаны болған.

## ТӘЖІКСТАНДА ХИДЖАБ КИЮГЕ ТҮЙІМ САЛЫНДЫ

Бұл тыйым Тәжікстан президенті Эмомали Рахмон қол қойған «Мерекелер мен рәсімдерді реттеу туралы» заңда көрсетілген.

Заңға сәйкес, тәжікстандықтарға ел мәдениетіне жат киім киюге тыйым салынған. Ел мәдениетіне жат киім ретінде хиджаб пен сапталған. Ел президентінің ресми сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, заң күшіне енген сәттен бастап тыйым салынған киімдерді Тәжікстанда киюге, сонымен қатар сатуға да болмайды.

## ВАШИНГТОНДА АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫ РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШКЕ ЖЕТТІ

Америка астанасында кейінгі 36 жылда болмаған аптап ыстық орнады. Қалада ауа температурасы 38 градусқа дейін жеткен. Ал, синоптиктер алдағы күндері одан да ыстық болатынын ескертті, деп хабарлайды. Олар температура 42 градусқа дейін көтерілетінін болжап отыр. Сондықтан мамандар тұрғындарға мүмкіндігінше тысқа шықпай, суды көбірек ішуге кеңес береді.

## ЖЫЛ САЙЫН ӘЛЕМДЕ БЕЗГЕКТЕН 600 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ КӨЗ ЖҰМАДЫ

Әлем бойынша 249 миллион адам безгек жұқтырған. Науқастардың дені африкалықтар. Өйткені, олар климаты қолайсыз аймақтарда тұрады. Бірақ, кейінгі жылдары Таяу Шығыс пен Еуропаның кейбір өңірлерінде безгектен ауырғандар көбейген. Оған Африкадан ағылған босқындар себеп. Айта кетейік, безгек адамға маса шаққан кезде берілетін инфекциялық ауру. Бұл дертке көбіне 5 жасқа толмаған балалар шалдығады.

Майкл Мунгома, фармацевт:  
- Бұл дерт Африкадағы бүкіл елдің бас ауруына айналды. Науқастардың дені көбіне дәрі-дәрмекті уақытында қабылдамайды. Себебі қарапайым халықтың оны сатып алуға қалтасы көтермейді. Өлім-жітім санының артуы да содан.

## СЫРДАРИЯДА 53 ЖАСӨСПІРІМНІҢ АТА-АНАСЫ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

**Қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы және оларға қарсы жасалған қылмыстар қоғамның өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.**

Сырдария ауданы бойынша жыл басынан кәмететке толмағандарға қарсы және олармен жасалатын қылмыстар, алкоголь, есірткінің зияны, ата-ананың бала тәрбиесіндегі, жасөспірімдердің заң алдындағы жауапкершіліктері туралы 90-ға жуық дөңгелек үстел, сұхбат, кездесу өткізілді. Аткарылған іс-шаралардың жүргізілуіне қарамастан жасөспірімдер арасында 1 қылмыс орын алды. Бұл жайында Сырдария ауданының полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушысы, полиция подполковнигі Әділхан Қанзадаев хабарлады.

- Орта мектеп оқушысымен жасалған бұзақылық қылмысының салдарынан 1 оқушы қаза болды. Кәмететке толмағандар арасында профилактикалық жұмыстарды күшейту мақсатында ауданда жалпы білім беру мекемелерінде 2023-2024 оқу жылына Департамент бастығының 13.10.2023 жылғы №738 бұйрығымен мектептер мен колледждерге аймақтық ювеналды полиция бөлімінің, криминалды полиция, уәскелік полиция инспекторлары бекітілді. Жыл басынан бері кәмететке толмағандар мен жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында «Түнгі қаладағы балалар», «Абайлық балалар»,

«Мен және менің полицейім», атты профилактикалық іс шаралар жүргізілді. Аткарылған жұмыстар нәтижесінде, қаңғыбастық пен кезбелікке салынған – 2 жасөспірім бейімдеу орталығына орналастырылса, 61 құқық бұзушылық анықталып, әкімшілік хаттама толтырылды, – деді Әділхан Қанзадаев.

Кәмететке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің бірге жүруіне ойын-сауық мекемесінде болуына жол берген ҚР ӘҚБтК-нің 442 бабы 1 бөлігі 1 жасөспірімге және ата-ана немесе заңды өкілсіз ойын сауық мекемесінде жүрген ҚР ӘҚБтК-нің 132 бабы 1 бөлігімен баланың әкесіне әкімшілік хаттама рәсімделіп, айыппұл салынған. Сонымен қатар өз міндеттерін орындамаған 5 ата-анаға шара көру үшін құжаттар сотқа жолданған. ӘҚБтК 127-б. - 10 АЕК- 36 920 тг. немесе 20 АЕК- 73 840 тг. Ауданда түнгі уақытта сағат 23:00-ден кейін заңды өкілсіз тұрғын жайдан тыс жүрген 53 жасөспірімнің ата-анасы әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Оларға ҚР ӘҚБтК 442-бабымен ескерту жасалған. Сондай-ақ, белгіленбеген орында темекі бұйымын тұтынығаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 441 бабы 1 мұғаліміне әкімшілік шара көрілген. Алкоголь өнімін сату талаптарын сақтау (ӘҚБтК 200-бабы) жөнінде дүкен



иелеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілгенімен, заң талаптарын бұзған 3 дүкен иесіне қатысты жинақталған құжаттар сотта қаралып, айыппұл салынғанын айту керек.

- Талдау көрсеткендей, жасөспірімдермен қылмыс жасауға жиі әсер ететін факторлар: ата-ана тарапынан тиісті қадағалау мен бақылаудың жоқтығы, тәрбие жұмыстарының өз деңгейінде жүргізілуі, жасөспірімнің қос уақытының көп болуы, әлеуметтік желілердегі қоғамдық ортаға сыйламаушылық танытатын материалдарды көріп, соларға еліктеушілік танытуы ықпал етуде. Жасөспірімдермен жасалған қылмыстың барлығы сабақтан тыс уақытта болғандықтан, баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды

ұсынамын. Сондай-ақ, балалар бос уақыттарында интернет пен

Тик-ток желілерінде зорлық-зомбылық, құмар ойындар, дөрекілік және ортаға ешқандай құрмет көрсетпейтін әртүрлі пранктер қарайтындығы белгілі. Аталған сілтемелерді біздің тарапымыздан қадағалау мүмкін емес. Осы себепті, ата-аналар балалардың әлеуметтік желілерде қандай парақшаларда отырғанын қадағалауы қажет, – деді Әділхан Серікқазыұлы.

Иә, полицияның басты міндеті – тек жазалау ғана емес, қылмыстың алдын алу, болдырмау. Сол себепті анықталған немесе белгілі болған құқық бұзушылықтарды (ұрып соғу, бопсалау, әлімжеттік, топтық төбелестер) дереу ішкі істер органдарына хабарлау керек.

## ҚАРМАҚШЫДА МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Қармақшы ауданы әкімдігінде аудан әкімінің орынбасары Самат Смағұловтың төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы кәмететке толмағандардың істері және олардың құқықтары қорғау жөніндегі комиссиясының отырысы өтті. Оған комиссия мүшелері, құқық қорғау органдарының басшылары, мектеп директорлары, кент, ауылдық округ әкімдері қатысты.**

Отырыста күн тәртібіне сай «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» Ұлттық ақпараттық науқаны аясында атқарылған жұмыстар туралы» аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлзира Абдәлімова, «Демалыс кезінде балалар арасында су, өрт қауіпсіздігінің алдын алу шаралары туралы» аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Өмірбек Жаңабайұлының хабарламалары тыңдалды.

Комиссияда 8-9 сынып оқушыларының жазғы демалысын тиімді ұйымдастырып, еңбекке баулуға мектепте қолдандыру жұмыстарын жүргізу, ауылдық жерлерде шөп жұлту, келісім негізінде шаруашылық жұмысына атсалысу игі шаралары жүзеге асуда.

Сондай-ақ кейбір мектепте ата-ана мен баланың бірге сенбілікке шығып, қоршаған ортаның тазалығына үлес қосу

бастамалары да оң нәтижесін беруде.

Жынында бала қауіпсіздігіне байланысты бірқатар ұсыныс-пікір айтылды. Жаз мезгілінде балалардың жол-көлік оқиғасына тап болмасы үшін, ата-аналардың мұқият болулары тапсырылды. Өсірісе электромобильдердің көптігі кімді болсын алаңдатуда. Жасөспірімдер мен балалардың жолда жүру ережелерін білмейтіні ескерсек, әлбетте бұл өте қауіпті әрі болмақ.

Мәжіліс қорытындысында комиссия төрағасы жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу және балаларды өрт, су, басқа да сәтсіздік оқиғалары, тосын жағдайлардан сақтандыру қауіпсіздігіне байланысты профилактикалық жұмыстарды күшейтеу мақсатында сала басшыларына үнемі назарда ұстап, нақты тапсырмалар жүктеді.



## АҚША ДА, АТАҚ ДА КӨМЕКТЕСПЕГЕН ӘЙГІЛІ ТҰЛҒАЛАР ТАҒДЫРЫ

Әлемде күніне жүздеген адам хабар-ошарсыз кетіп жатады. Олардан жақындары айлап, тіпті жылдап хабар күтеді, бір дерегі шығып қалар деген үмітпен таңын атырып, күнін батырады. Олардың іздеушісі жақындары ғана болса, із-түзсіз жоғалып кеткен танымал адамдардың тағдырына әлем жұрты алаңдаушылық білдіреді. Арнайы іздеу жұмыстары жүргізіліп, зерттеулер ұйымдастырылады. Бұдан қаншалықты нәтиже шығады, ол жағы тағы белгісіз. Бұл материалымызда айдың күнінің аманында жұмбақ жағдайда жоғалып кеткен танымал тұлғалар туралы айтып беруді жөн көрдік.

Антуан де Сент-Экзюпери Француз жазушысы, кәсіби ұшқыш Антуан де Сент-Экзюпери 1944 жылы 31 шілдеде, 44 жасында із-түзсіз жоғалып кеткен. Ол 1900 жылы 29 маусымда Лионда дүниеге келген. Он екі жасында Жюль Шарль Тусен деген атақты ұшқышпен бірге көкке көтерілгеннен бастап ұшқыш болуды армандаған. Бала арманы орындалып, Экзюпери әскери және азаматтық авиация ұшқышы атанады. Ұшқыш бола жүріп, журналистикаға бет бұрған. Жазушы ретінде әдеби қарым-қабілетін реyster арасындағы үзілістер кезінде шыңдаған. Ал әйгілі "Кішкентай ханзада" атты аллегориялық шығармасын із-түзсіз жоғалып кетерінен бір жыл бұрын, 1943 жылы Солтүстік Африкада қызметте жүргенде жазды. Жазушы 1944 жылы 31 шілдеде Корсика аралынан жергілікті жерлерді суретке түсіру тапсырмасы бойынша ұшып шығады, бірақ сол сапарынан оралмаған. БАҚ-та жарияланған деректерге сүйенсек, сол күні ауа райы қолайлы болған. Дегенмен қалай, қандай жағдайда жоғалып кеткені сол күйі беймәлім болып қалған. Тек 54 жылдан кейін бір балықшы теңізде кездейсоқ жазушының білезігін тауып алады. Бұл білезік жазушыға тиесілі болғанын сенімді түрде айтып отырғанымыз, онда «Сент-Экс» деген жазу болған. Достары оны солай атаған деседі. Мұны жазушының қатыс болғанын хабарлар ететін белгі ретінде қабылдағандар да болды. Кейінірек ұшақтың қалдықтары табылды. Бірақ ұшқыштың денесі



сол күйі табылған жоқ.

Майкл Рокфеллер Бай әулеттің мүрагері, америкалық этнограф, антрополог, зерттеуші, саясаткер және банкир Нельсон Олдрич Рокфеллердің ұлы Майкл Рокфеллер 1961 жылы 23 жасында жоғалып кеткен. Әйгілі банкирдің ұлы бала күнінен тарихқа, этнография мен антропологияға қатты қызығушылық танытып, қысқа ғана өмірін ғылымға арнаған.

Майкл Рокфеллер 1961 жылдың күзінде голландиялық этнограф Рене Вассингпен бірге экспедицияға аттанады. Олар бірегей заттар алу үшін жергілікті асмагтар тайпасының қонысына баруды ұйғарады. Жергілікті тұрғындар Рокфеллерді асмагтарға барудан бас тартуға үгіттейді, өйткені олар адам жегіш тайпа ретінде танылған. Соған қарамастан, 1961 жылы 17 қарашада Рокфеллер мен Вассинг екі жол нұсқаушыны ертіп, аборигендердің қолдан жасалған қайығына мотор орнатып жолға шығады. Орта жолда қайықтың моторы ошп қалады да, екі жергілікті тұрғын жанармай алып келуге кері жүзіп кетіп, бірнеше күннен кейін табылады. Ал Рокфеллер мен Вассинг қайықта қалады, бірақ көп ұзамай қайықты толқын аударып тастайды. Олар сыңған қайықтың үстінде біраз жүзіп жүреді. 19 қарашада Рокфеллер Вассингке жағаға қарай жүзіп баратынын айтқан. Вассинг онымен бірге жүзуден бас тартып, қайықта қалады. Майкл сол күйі ұшып-күйлі жоғалып кетеді. Вассингті әскери ұшқыштар байқап қалып, құтқарып қалады, есін жиған соң ол болған жайыты баяндап, Майклдың жағаға қарай жүзіп бара жатқанын көргенін айтады. Майкл Рокфеллерді

іздеуге мол қаржы бөлініп, көп адам жұмылдырылған, алайда миллиондаған долларға бағаланатын байлықтың мүрагері сол күйі хабар-ошарсыз кеткен. Дегенмен қалай, қандай жағдайда жоғалып кеткені әлі күнге дейін белгісіз.

**Джим Салливан**  
Америкалық әнші, гитарашы Джим Салливан 1975 жылы із-түзсіз жоғалып кетті. Жұмбақ жағдайда жоғалып кеткен музыкант бір күн бұрын әйелінің өнерін тамашалау үшін Нэшвиллге бара жатқан. Жолда полицейлер оны ішімдік ішкен деген күдікпен тоқтатқандықтан, ол жол бойындағы қонақ үйлердің бірінде түнемек болады. Кейін оның қонақ үйден нөмір алып, заттарын орналастырып, дүкенге шығып кеткені анықталған, бірақ ол сол күйі қонақ үйге оралмаған. Келесі күні жол бойындағы қонақүйден 40 шақырым жерден Салливанның көлігі табылған, көліктің ішінде музыканттың құжаттары мен гитарасы болған. Жұлдыздың жанкүйерлері оны өзге ғаламшарлықтар ұрлап кеткен деп топшылайды. Өйткені Салливан гитары шығарушына қызыққан, тіпті оның алғашқы альбомы UFO деп аталған.

**Амелия Эрхарт**  
Аты аңызға айналған америкалық ұшқыш Амелия Эрхарт 1937 жылы шілдеде жоғалып кеткен. Амелия бүкіл әлемге Атлант мұхиты арқылы ұшқан алғашқы әйел ретінде танылған. Ол феминизмді жақтаушы болған, Перлю университетінің авиация бөлімін басқарған. Антуан де Сент-Экзюпери секілді ол да бала күнінен ұшқыш болуды армандаған. Амелияның арманы жер шарын ұшақпен шарлап шығу

болған. Алайда 1937 жылы 17 наурызға жоспарланған алғашқы сапары басталмай жатып сәтсіз аяқталған. Бұл жағдай Амелияны тоқтата қоймаған, ұшақ күрделі жөндеуден өткеннен кейін ол тағы бір әрекет жасады, бұл жолы алдыңғысындай екі штурманды емес, Фредерик Нунанды ғана ертіп шығады. Сол жылы 20 мамырда ұшқыштар Lockheed Electra ұшағымен ұшып шығып, шілде айының басына қарай жоспарланған бағыттың 80 пайызын ұшып өткен. Олар Атлант, Арабия, Үндістан және Оңтүстік-Шығыс Азияны кесіп өткен. 2 шілдеде Амелия мен Фред Нунан Папуа-Жаңа Гвинеяның жағасындағы Лаэ деген шағын қаладан Тынық мұхитының орталық бөлігіндегі шағын ғана Хауленд аралына қарай ұшты. Сапардың бұл кезеңі ұзақ әрі қауіпті саналған, өйткені 1930 жылдары навигация арқылы Тынық мұхитынан құрғақ жерді анықтау қиын болған. Президент Рузвельттің бұйрығымен ұшқыштар үшін арнайы ұшу-қону жолағы салынып, шенеуніктер мен журналистер оларды күтіп тұрған. Алайда ұшақ сол күйі диттеген жеріне жете алмай, ралардан жоғалып кеткен. Эрхарт оның алдында ұшақтың жанармайы таусылып бара жатқанын, солтүстік пен оңтүстікке қарай ұшып бара жатқанын баяндап үлгерген. Сол жылдары іздеу жұмыстарынан еш нәтиже шықпаған. Ұшақтың өзі де, сынықтары да табылмады. 2016 жылы Амелия мен онымен бірге ұшқан штурманды жапондықтар тұтқында алған деген болжам айтылған. Ал жақында әлемдік БАҚ Амелия тізгіндеген ұшақ бөлшектері Тынық мұхитынан табылғанын жазды. Бірақ бұл ұшқыштың да қандай күйде, қалай жоғалып кеткені күні бүгінге дейін белгісіз күйде қалып отыр. Жұмбақ жағдайда жоғалып кеткен танымал тұлғалардың тағдыры көп адамды толғандыратынын анық. Бір білеріміз, олардың көбі сүйікті ісімен айналысып жүріп, басын қатерге тіккен. Оларды бала арманының жетегінде кеткендер деуге де болатын сияқты. Біз сөз қылған танымал адамдардың қалай, қандай жағдайда жоғалғаны туралы әлі күнге мардымды ақпарат жоқ. Дегенмен соңғы ашылып жатқан ғылыми жаңалықтар мен заманауи құрылғылар қандай да бір дерек тауып қалар деген үміт те жоқ емес.

(ақпарат дереккөзден алынды)

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ!

**Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қоғам талабы. Мінсіз қоғам – жемқорлықсыз қоғам, салауатты өмір – паракорларсыз өмір, мықты мемлекет жемқорларсыз мемлекет. Еліміздің жарқын болашағы үшін жемқорлардан қоғамды тазарту – азаматтық міндетіміз.**

Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюын, құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өз құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Осы бағытта, Қызылорда қаласының «Қосшыңырау ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (Бұдан әрі – округ әкімдігі) ғимаратында халықты ақпараттандыру мақсатында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары туралы стендтер қойылған. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу туралы ұдайы посттар жарияланады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі –

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз қызыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес,

сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігінде қалр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Осы орайда, округ әкімдігі ағымдағы жылдың 12-28 ақпан күндері аралығында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер енгізу туралы) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік

қағидаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, бірқатар құқықтық олқылықтар анықталып, тиісті шаралар қабылдау үшін ұсынымдар әзірленді. Бұдан бөлек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл мәселелері жөніндегі ауылдық округ әкімдігінің іс-шаралар мерзімінде атқарылатын болады.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық – бұл індет. Бұл індетпен күрес тек мемлекет тарапынан емес, бүкіл ел болып жұмылғанда ғана жеңуге болатыны анық. Сол себепті, еліміздің жарқын болашағы үшін сыбайлас жемқорлықпен күресте жұмылған жұлдырдай бір болып, індетпен күресті басты міндетіміз деп қабылдау қажет.

**С. АБДУКАДИРОВ,**  
Қосшыңырау ауылдық округінің әкімі

## ЖЕДЕЛ ІШЕК ИНФЕКЦИЯЛАРЫ, ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

**Бүгінгі таңда жұқпалы жедел ішек инфекциялары қоғамдық денсаулық сақтау ісінің өзекті мәселесі болып отыр. Жедел ішек инфекциясы жұқпалы аурулар құрамында жедел респираторлы вирусты инфекциялардан кейін орын алады. Бүкілдүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, әлемде жылына диареямен 1 млрд – қа жуық адам ауыра, оның ішінде 5 жасқа дейінгі балалар көп үлесін құрайды.**

Жедел ішек инфекциялары – бұл бактериялар, вирустар, қарапайымдылар тудыратын және балалар мен ересек адамдарда ішек қызметінің бұзылуымен (диарея) сипатталатын жұқпалы ауру. Ішек инфекциялары бұрынғы заманнан бері кір қолдың ауруы деп аталып келіп, онымен қарапайым гигиеналық талаптарды жүйелі орындамайтын адамдардың жиірек ауыратындығы дәлелденген. Шынында біз күн сайын күні бойына қолымызбен айналадағы кір заттармен жанасамыз, айтар болсақ, қоғамдық көліктерде тепе-теңдікті сақтау үшін тұтқаны ұстаймыз, неше түрлі адамдар ұстаған қоғамдық мекемелердің есік тумақасын ұстаймыз, дүкендерде сауда жасағанда сатушымен, көліктерде жолсаушымен есеп айырысамыз, ақша санаамыз, таныстарды көргенде қол беріп амандасамыз.

Осыдан келіп, «құмыстан, серуендеуден үйге келгенде, тамақ дайындаудың, ішердің алдында, сондай-ақ балалармен ойнарда және оларға күтім жасағанда қолыңызды сабындап мұқият жуыңыз» деген қарапайым ережелер тудырады. Осындай қарапайым ережемен Сіз өзіңізді де және отбасы мүшелерің де әртүрлі инфекциялардан қорғай аласыз.

Ішек инфекцияларының жарамдылық сапасына мән беру өте маңызды – көптеген тағамдарда бактериялар тек қана өміршеңдігін сақтап қана қоймай, олар ауру тудырушы қасиетімен адамның қолымен тағамды ауызына апарғанда асқазан-ішек жолына кір қолы арқылы, ластанған су арқылы, сапасыз азық-түліктер арқылы түсіп қарқынды түрде көбейеді. Әсіресе, тұтынар алдында термиялық өңдеуден өтпейтін тағамдар өте қауіпті. Ондай тағамдарға салаттар, винегреттер, сондай-ақ жемістер мен жидектер жағдайы. Салаттар мен винегреттерді, әртүрлі тұздықтар мен гарнирлерді тоңазытқышсыз тұнге қалдыруға болмайды. Жаз және күз маусымында сүт және сүт өнімдерінде бактериялардың көбеюіне қолайлы жағдайлардың туындайтынын білу керек. Жеке адамдардан сағып алған құйылып сатылатын сүтті міндетті түрде қайнату керек. Ал пастерленген ірімшіктер пісірмелер, пудингтер, сырникилер дайындаған дұрыс. Дайын тағам қалдықтарын міндетті түрде тоңазытқышқа бөтіп жабық ыдыста, шікі мен дайын тағамды бөлек ыдыста сақтау керек, оларды бөлек тақтайларда арнайы пышақтармен бөлу керек. Бұл ретте тұрғындарды жуылмаған және бұзылған көкөністерді, жемістер мен жидектерді, қауын, қарбызды тағам ретінде қолданбауға шақырамыз.

Өкінішке қарай, қаладағы арнайы емес орындардағы, әсіресе базарлар маңындағы аймақтардағы сауда бойынша ахуал мәз емес. Өзіңіз білетіндей және көріп жүргендей, азық-түлік өнімдері жерден қолмен, арнайы киімсіз, санитарлық кітапшасыз сатылады. Бейберекет сауда, ауру тудырушы бактериялардың тағамдық азық-түліктерде өміршеңдігі мен көбеюіне және таратылатын азық-түлік өнімдерінің (жеке адамдар сататын салаттар, тандыр құлшелер мен тандыр самсалар, бәліштер, түскі астар мен әртүрлі сусындар және т.б.) сапасының төмендеуіне ықпал етеді. Сондықтан,

кездейсоқ адамдардан тағамдық азық-түліктерді сатып алмағандарыңыз дұрыс. Сонымен қатар, салаттарды, крем қосылған кондитерлік бұзылуымен (диарея) сипатталатын жұқпалы ауру. Ішек инфекциялары бұрынғы заманнан бері кір қолдың ауруы деп аталып келіп, онымен қарапайым гигиеналық талаптарды жүйелі орындамайтын адамдардың жиірек ауыратындығы дәлелденген. Шынында біз күн сайын күні бойына қолымызбен айналадағы кір заттармен жанасамыз, айтар болсақ, қоғамдық көліктерде тепе-теңдікті сақтау үшін тұтқаны ұстаймыз, неше түрлі адамдар ұстаған қоғамдық мекемелердің есік тумақасын ұстаймыз, дүкендерде сауда жасағанда сатушымен, көліктерде жолсаушымен есеп айырысамыз, ақша санаамыз, таныстарды көргенде қол беріп амандасамыз.

Ішек инфекцияларының алдын алуға болады және алдын алу керек. Бұл үшін өте тиімді ережелерін білу керек және қатаң түрде сақтаған жөн. Кей жағдайларда ауру өте ауыр түрде өтіп, өмірге қауіп тудыруы мүмкін. Сол үшін «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген сөздерді әрқашан да есте сақтаған абзал.

Естеріңізді болсын! Тағамды дұрыс сақтап, дайындау - сіздің және балаларыңыздың денсаулығыңыздың кепілі!

**Ж.А.МАХМУТОВА,**  
№4 қалалық емханның салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Бас редактор  
**Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы**

Жауапты хатшы  
**Зибаш ӘЛИ**  
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:  
**Әбілбай Садықбаев**  
**Данияр Сұлтанбеков**  
**Рысбай Кәрімов**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

**Редакцияның мекен-жайы:**  
**Тоқмағанбетов**  
көшесі 36 а,  
1 қабат 7 кабинет  
Телефон:  
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62  
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты  
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді  
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9820 дана**  
**Индекс 66503**  
**Тапсырыс №144**

**E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru**  
**Электронды нұсқасы:**  
**https://ret-gazeta.kz/**